

"Субсидияланатын басым ауыл шаруашылығы дақылдарының әрбір түрі бойынша субсидия алуға өтінімді ұсыну мерзімдерін айқындау туралы" Жамбыл ауданы әкімдігінің 2016 жылғы "04" қазандағы № 476 қаулысына толықтырулар енгізу туралы

Жамбыл облысы Жамбыл аудандық әкімдігінің 2016 жылғы 18 қарашадағы № 545 қаулысы. Жамбыл облысы Әділет департаментінде 2016 жылғы 25 қарашада № 3225 болып тіркелді

РҚАО-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына сәйкес Жамбыл ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Жамбыл ауданы әкімдігінің 2016 жылдың 04 қазандағы "Субсидияланатын басым ауыл шаруашылығы дақылдарының әрбір түрі бойынша субсидия алуға өтінімді ұсыну мерзімдерін айқындау туралы" № 476 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3169 болып тіркелген, 2016 жылы 15 қазанда аудандық "Шұғыла-Радуга" газетіне жарияланған) келесі толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулының қосымшасы осы қаулының қосымшасына сәйкес толықтырылсын.

2. "Жамбыл ауданы әкімдігінің ауыл шаруашылығы бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

- 1) осы қаулының әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін;
- 2) осы қаулының мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін он күнтізбелік күн ішінде оны ресми жариялауға жіберуді;
- 3) осы қаулының Жамбыл ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;
- 4) осы қаулыдан туындайтын басқа да шаралардың қабылдануын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Е. Қыдыралыұлына жүктелсін.

4. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

Жамбыл ауданының әкімі

М. Мұсаев

Жамбыл ауданы әкімдігінің
2016 жылғы 18 қарашадағы
№ 545 қаулысына қосымша

Субсидияланатын басым ауыл шаруашылығы дақылдарының әрбір түрі бойынша өтінімді ұсыну мерзімдері

№	Басым ауыл шаруашылығы дақылдары	Өтінімді ұсыну мерзімдерінің басталуы	Өтінімді ұсыну мерзімдерінің аяқталуы
16.	Күздік бидай	28.11.2016 жыл	15.12.2016 жыл
17.	Жаздық арпа	28.11.2016 жыл	15.12.2016 жыл
18.	Ашық топырақтағы көкөніс	28.11.2016 жыл	15.12.2016 жыл
19.	Қант қызылшасы 1 тоннаға	28.11.2016 жыл	15.12.2016 жыл

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК